ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 03 қыркүйек №5165-23-00-2/1991 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ЖАУАПКЕР:
«Bagdat» Строй KZ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. тұрақсыздық айыпұл сомасын өндіру.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Б.Маликов.
Жауапкер өкілі Н.Мырзамұратов.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 19 сәуірде тараптар арасында №42/23 санды Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарт) 11 758 785,92 теңгеге түзілген.

Шарттың талаптары бойынша жауапкер тапсырыс берушінің тапсырыс бойынша 3877 текше метр ұсақ дәнді құмды (песок) облыс аудандарындағы мекен жайға мерзімінде жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа Шарт бойынша міндетемелерін орындамағанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 129 346,58 теңге тұрақсыздықты өндіруді сұрап сотқа талап қоюымен жүгінген.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде, талап қоюмен келіспей, Шарт бойынша жұмыстарды орындап жатқанынын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 10.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Рүстем Б. М., 13.11.2023

Талап қоюшы өкілі Б.Маликов шарт бойынша жауапкер өз міндеттемесін орындамауына байланысты келісім шарт біржақты бұзылғанын көрсетіп, талапты толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі Н.Мырзамұратов талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың №1-қосымшасына сай жауапкер тауарды жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы веб-портал арқылы 2023 жылы 10 шілдеде, 16 күнтізбелік күн ішінде (2023 жылы 26 шілдеге дейін) тауарды тиісті орынға жеткізуге тапсырыс берген.

Сотта нақты анықталғаны жауапкер осы күнге дейін міндетіне алған қызметтті орындамаған, ал талап қоюшы талапты сотқа Заңда көрсетілген мерзім ішінде берген.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Осы аталған талап бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 10.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Рустем Б. М., 13.11.2023
5165-23-3-1/2146

Бұдан бөлек Шарт бүгінгі күнге талап қоюшымен бір жақты бұзылған.

Соның салдарынан талап қоюшы мен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген.

Сот талапкердің осы талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

№2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сай борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқан да, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Келісім шарттың 7.3. тармағына сай шарт бойынша міндеттерін тиісінше орындамаған үшін мерзімі өткен әрбір кешіккен күнге шарттың орындалмаған сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл көзделген.

Талапкер талап арызда жауапкерден (11 758 785,92 х 0,1% х 11 күнге) 129 346,58 теңге тұрақсыздық сомасын өндіруді сұраған. Тұрақсыздықтың сомасы Шартқа сәйкес дұрыс саналған.

Осыған орай, сот талаптың бұл бөлігіде қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, тараптар сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

АПК-нің 109, 117-баптарының негізінде жауапкерден талап қоюшының пайдасына сот шығыстары мен мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

«Bagdat» Строй KZ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Bagdat» Строй KZ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны пайдасына 129 346 теңге (бір жүз жиырма тоғыз мың

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 10.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Рустем Б. М., 13.11.2023
5165-23-3-1/2146

үш жүз қырық алты) теңге тұрақсыздық пен 3 880 теңге (үш мың сегіз жүз сексен) теңге баж салығы өндірілсін.

«Bagdat» Строй KZ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 10.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Рүстем Б. М., 13.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5165-23-3-1/2146